Шымкент қаласы білім басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяственного ведения
**«Общеобразовательная средняя школа № 136»**
управления образования города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**БҰЙРЫҚ № 119/1**
2023 жылғы 15 қыркүйек
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ № 119/1**
15 сентябрь 2023 год
город Шымкент

**«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымын құру туралы**

Балалар мен жасөспірімдердің отансүйгіштік қасиеттерін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепшілік «Жас Ұлан» ұйымы құрылсын.
2. Жас ұрпаққа тәрбие беруге жағдай жасау, биік нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік тудыру, тәрбие жүйесінің жаңа моделін дамыту барысында мектепішілік белсенді оқушылардан «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, іс шара жоспары жасалып бекітілсін.
3. «Жас Ұлан» ұйымының жұмысын жүргізу жауапкершілігі аға тәлімгер – Ы.Күденоваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың қадағалауды ДТЖЖО Б.Ибрагимов пен П.Садыбековаға жүктелсін.

**Мектеп директоры** **Л.Н. Мырзакасымова**

Орындаған: Ы.Күденова

Шымкент қаласы білім басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения
**«Общеобразовательная средняя школа № 136»**
управления образования города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

**БҰЙРЫҚ №** 191
2023 жылғы 15 қараша
Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ №** ____
____ноябрь 2023 год
город Шымкент

**Өнегелі өмір атты перфомансқа оқушы жіберу туралы**

13.11.2023 жылы №270 хатына сәйкес, Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасында 16.11.2023 ж күні сағат 11.00 де өтетін «Өнегелі өмір» атты перфомансқа оқушыларды апару мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 16.11.2023 Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасына 6 «Е» сынып оқушылары жіберілсін.
2. Оқушыларды апарып, алып келу өмір қауіпсіздігі кітапхана меңгерушісі З.Медетбек пен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі И.Бекбаеваға жүктелсін.
3. Оқушыларға өмір жол қауіпсіздігі туралы түсіндіру ДТЖЖО Б.Ибрагимов пен П.Садыбековаға жүктелсін
4. Осы бұйрықтың орындалуын ДТЖЖО Б. Ибрагимов пен П.Садыбековаға жүктелсін.

Мектеп директоры: Л.Н.Мырзакасымова

Шымкент қаласы білім
басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім беретін
мектебі»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы
коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорны

Коммунальное государственное
предприятие на праве хозяйственного
ведения
**«Общеобразовательная средняя
школа № 136»**
управления образования
города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

№136 жалпы орта білім беретін мектепте «Өзін-өзі басқару» ұйымы 10.10.2023ж күні болған Мектеп парламентінің президентін сайлау нәтижесінің

## Хаттамасы №1

Қатысқандар саны: 8

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Мектеп парламентінің президентін сайлау нәтижесінің қорытындысы

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша, комиссия мүшесінің төрайымы, ДТІЖО П.И. Садыбекова сөз алып, сайлау ережелерімен таныстырып өтті. Сондай-ақ, дауыс берушілерге өз таңдауын дұрыс жасауға кеңес беріп, шараны әділ өткізу қажеттігін жеткізді. Комиссия мүшелері: ДОІЖО М. Есмурзаева, бастауыш пәні мұғалім Г. Налибаева, мектеп тәлімгері Ұ.Күденова, сондай-ақ, белсенді оқушылардан құралған бақылаушы топ.

Сайлауға 8-9 сынып оқушылары арасынан іріктелген 8 үміткер қатысты:

- Әділхан Сырым;
- Гали Еркеназ
- Жәнібек Жансая;
- Қасымбек Аружан;
- Лесбек Марлен;
- Мурсалиев Арсен;
- Тұрсынбеков Сәкен;
- Әсемхан Мирас.

Сайлауға дауыс беруге 5-11 сынып оқушылары мен мектеп қызметкерлері қатысты. Сағат 9:00 -18:00 аралығындағы нәтиже бойынша, жалпы саны -751 дауыс берілді. Қатысушылар арасынан, Әділхан Сырым 40% дауысты иеленіп, Мектеп парламентінің президенті болып сайланды.

Шымкент қаласы білім басқармасы
**«№ 136 жалпы орта білім беретін мектебі»**
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения
**«Общеобразовательная средняя школа № 136»**
управления образования города Шымкент

Шымкент қаласы, Абай ауданы, Самал-3 мөлтек ауданы, 2083А ғимарат. БИН: 201140024738. Тел: 8 (7252) 27-40-45.

# АНЫҚТАМА

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты “№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында 2024 жылдың 13 желтоқсанында 2-5 сыныптар арасында сынып жетекшілермен аға тәлімгер А.Е.Әкімжанның ұйымдастыруымен 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны өткізілді.

Мақсаты: Оқуда озат,Отанымыздың белсенді азаматтары мен азаматшаларын тәрбиелеу.

Анықтамашы: А.Е.Әкімжан




мектеп




ШАҚ-БІЛІМДІ ЖАС

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
_______ Л.Н. Мырзакасымова

**Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының «Еңбек» бағыты бойынша мектеп комитетінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Шымкент - 2023ж

Шымкент қалалық білім басқарасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебі «Жас Ұлан» ұйымының **«Еңбек» бағыты** бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған **жұмыс жоспары**

**«Еңбек»** (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты-жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал ететін, қоғамдық негізде ұйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еңбек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрену. Туған өңірде әр кезеңде еңбегімен танымал болған атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен таныстырып , оны мақтаныш етуге, өнер түрлері туралы түсініктерін кеңейтуге, еңбек рахатын, сұлулығын сезіне білуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

| № | **Атқарылатын іс-шаралар** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|
| 1 | «Мектеп ережесін құрметтейік» баяндама<br><br>«Білімді болуға-оқу, бай болуға кәсіп керек» дөңгелек үстел | Қыркүйек | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Ұлан басшы |
| 2 | «Жер қамқорлықты бізден күтеді» мектеп аумағының жерлерін көктемгі егістікке дайындау<br><br>Балалар шығармашылығы 5-8 сынып оқушылары арасында (сурет байқауы) | Қазан | Тәлімгер<br>Бейнелеу өнері пәні мұғалімдері |
| 3 | Еңбек пәні мұғалімдерімен бірлесе қолөнер көрмесін ұйымдастыру | Қараша | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Еңбек пәні мұғалімдері |
| 4 | «Әбілхан Қастеев – ұлы суретші» баяндама | Желтоқсан | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Технология пәні мұғалімдері |
| 5 | Сыныптар арасында байқау ұйымдастыру:«Ең таза, гүлдендірілген сынып<br><br>«Алуан-алуан кәсіп бар» мамандықтар әлеміне саяхат жасау | Қаңтар | Тәлімгер<br>Сынып жетекші |
| 6 | «Жігітке жеті өнер де аз» сайыс ұйымдастыру<br><br>«Өмірде ең маңыздысы табыс па, | Ақпан | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | әлде мамандық па?» ойталқы | | Сынып жетекші |
| 7 | Мектеп ауласын тазарту, мектептің жер аумағына көшеттер, гүлдер отырғызу | Наурыз | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекші<br>Еңбек пәні мұғалімдері |
| 8 | «Еңбек атаулының бәрі де бағалы, өйткені ол адамды ізгілендіреді» әр түрлі мамандық иелерімен кездесу өткізу | Сәуір | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекші |
| 9 | Мектеп ауласында сыныптар арасында гүл қондырудан сайыс ұйымдастыру, ең әсем безендірілген аумақты анықтау<br><br>«Мамандар сөйлейді» сұқбаттасу | Мамыр | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекші |

**Аға тәлімгер** [signature] **Ұ. Ы. Күденова**



Берден Абылай
«Жас ұлан» ұйымының ұланбасы

# «Жас ұлан» ұйымының кіріс және шығыс құжаттары (іс-шаралар жоспары және есебі)

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ «ЖАС ҰЛАН» БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жас Ұлан») Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған Қазақстан Республикасы балалар мен жасөспірімдердің қоғамдық ұйымы болып табылады.

1.2. «Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани-адамгершілік құндылықтар, гуманистік, толеранттылық пен демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптастыратын ұйым.

1.3. «Жас Ұлан» өзінің қызметін шығармашылық, спорттық, қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен және мемлекеттік мекемелермен бірлесе жүзеге асырады.

1.4. «Жас Ұлан» өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы, заңнамасы және басқа да нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық актілерді басшылыққа алады.

## 2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. «Жас Ұланның» мақсаты:

-өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

2.2.«Жас Ұланның» міндеттері:

- Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру;
- балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру;
- танымдық жұмыстарды ынталандыру;
- балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау;
- жауапкершілік мен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

## 3. ҚЫЗМЕТТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

3.1. «Жас Ұлан» келесі қызметтерді атқарады:

- тәрбиелік;
- танымдық;
- коммуникативтік;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;

Әнұран), өз елінің патриоты болу;
- «Жас Ұлан» Ережесін және басқару органдарының шешімін орындау;
- «Жас Ұланның» өзге мүшелері мен олардың құқықтарын құрметтеу, мойындау;
- оқуда, қоғамдық жұмыстарда, еңбекте үлгілі болу; қоғамдық мүлікті сақтау, мәдениетті болу;
- салауатты өмір салтын ұстану, оны өз құрдастары арасында насихаттау;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету.

## 6. РӘМІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕ БЕЛГІЛЕРІ

6.1. «Жас Ұлан» балалар ұйымының рәміздері: ұран, әнұран, ту, галстук, төсбелгі, эмблема болып табылады.
6.2. Ту – бұл балалар мен жасөспірімдер бірлігін бейнелейді. Ол республикалық ұйымда және оның барлық бөлімшелерінде (мектептік, аудандық/қалалық, облыстық) болуы қажет.
Ту - тік төртбұрышты 200×100 см өлшемдегі ақ түсті ортасында ұйым белгісі бейнеленген кездеме. Ұйым белгісі және атауы кестелік тігіспен, бояумен немесе матамен аппликациялау арқылы жазады. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Кездеменің бойы алтын түстес шашақтармен жиектелген.
Ту ағаш сабына сүңгі арқылы бекітіледі. Сүңгі ұлттық өрнек нақышында жасалынады. Тудың ағаш сабының ұзындығы металл (пластмасса) сүңгінің ұзындығымен қоса 2 м 20 см биіктікті құрайды. Оған алтын түстес шашақты бау байланады.
Ту салтанатты рәсімдерде, шерулерде, мемлекеттік мерекелерде шығарылады. Ол арнайы ағаш тіреуде қаптаулы түрде сақталады немесе бөлменің отрасында Ұйымның салттық қабырғасында әйнекте тұрады.
Ерекше жағдайларда туға мәртебелі қарауыл қойылады, ол ту ұстаушы мен екі атқосшыдан тұрады. Қарауыл кезегі әр 10-15 минут сайын ауысады. Алыс жолдарға туды қапталған күйде иыққа салып апарады. Ту ұстаушылардың киімі ұйымның ерекше белгілеріне сәйкес келеді. Міндетті түрдегі рәміздер: ленталар (аксельбанты), бас киім, ақ қолғап болып табылады. Лента мен бас киімнің түсі бірдей – көгілдір.
6.3. Галстук – бұл балалар ұйымының ерекше белгісі. Түсі – аспан түстес көгілдір. Галстук өлшемі 40×130 см. Галстуктың оң жақ бұрышында «Жас Ұлан» логотипі орналасқан. «Жас Ұлан» логотипінің диаметрі 4 см шеңбер түрінде жасалған.
6.4. Ұран – ұйымның ерекше белгісі. Ол ұйымның, бірлестіктің ең негізгі ойын, идеясын білдіреді.
6.5. «Жас Ұланның» ерекше белгілері болып ұйымның идеясын айқын жеткізетін төсбелгілер, барабан, айырмашылық белгілері (шеврондар) сияқты белгілі заттар мен белгілер саналады.

**7. ҚҰРЫЛЫМЫ**

7.1. «Жас Ұлан» негізі «Жас Ұланның» бастауыш ұйымы болып табылады.

7.2. Бастауыш ұйым мектептің деңгейінде еріктілік негізінде құрылады.

7.3. «Жас Ұланның» бастауыш ұйымы «Жас Ұлан» мектеп комитеті болып табылады.

7.4. «Жас Ұлан» бастапқы ұйымдары (бұдан әрі – Мектеп комитеті) «Жас Ұлан» мектеп комитетінің жалпы жиналысының шешімімен құрылады. Мектеп Комитетінің жалпы жиналыс шешімі, егер оған барлық сыныптардың көшбасшылары, ұйым бағыттарының жетекшілері қатысқанда ғана қабылданды деп есептеледі.

7.5. «Жас Ұлан» көшбасшысы – барлық деңгейде «Ұлан басшысы» деп аталады, ол 9-10 сынып оқушылары арасынан жалпы жиналыста ашық дауыс беру жолымен бір оқу жылына сайланады.

7.6. Атқарушы орган – Мектеп комитетін атқарушы хатшы басқарады, оны (педагог, тәлімгер, ұйымдастырушы - әдіскер мектеп ұстаздары қатарынан) Мектеп комитетінің жалпы жиналысында «Жас Ұлан» аудандық кеңесі және мектеп әкімшілігінің келісуі бойынша бекітеді.

7.7. Аудандық/Қалалық атқарушы хатшыны аудандық/қалалық Кеңестің шешімімен Аудандық/қалалық білім басқармасы және Облыстық Кеңестің келісімі бойынша бекітеді.

7.8. Облыстық атқарушы хатшыны облыстық Кеңестің шешімімен облыстық білім басқармасы және Республикалық Кеңестің келісімі бойынша бекітеді.

7.9. Аудандық/Қалалық Кеңес құрамына Мектеп комитеттерінің атқарушы хатшылары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

7.10. Облыстық Кеңес құрамына Аудандық/Қалалық Кеңестердің атқарушы хатшылары және «Ұлан Басшылары» кіреді.

**8. БАСҚАРУШЫ ОРГАНДАР**

8.1. Жоғары кеңесуші органы - «Жас Ұлан» Республикалық Құрылтайы болып табылады. Құрылтай кемінде жылына бір рет өткізіледі.

8.1.1. Құрылтайды шақыру, күн тәртібін, регламент, өкілеттілік нормасы мен делегаттарды сайлау тәртібін Республикалық Кеңес анықтап, жариялайды. Оны төтенше және кезектен тыс шақырылымдарды есептемегенде, өткізілу күнінен екі ай мерзімге дейін уақытта хабарлауы тиіс.

8.1.2. Төтенше және кезектен тыс Құрылтай Кеңес төрағасы немесе Кеңес мүшелерінің 1/3-інің бастамасымен Кеңес шешімі негізінде шақырылады.

8.2. Басқару органы - Республикалық Кеңес.

8.2.1. Республикалық Кеңес отырысы жылына үш рет, соның ішінде күнтізбелік жыл соңында Кеңестің есеп беруі өткізіледі. Кеңес төрағасы өз бастамасымен немесе Кеңес мүшелерінің 1/3-інің бастамасымен кезектен тыс Кеңес отырысын шақыра алады. Кеңес шешімі оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады. Өткізу тәртібі мен дауыс беру түрін Кеңес мүшелері алдын ала

жұмыстың басында белгілейді.
8.2.2.Кеңес құзіретіне келесілер кіреді:
- «Жас Ұлан» ережесін бекіту;
- ұйым бюджеті мен жылдық қаржылық есептерін бекіту;
- ұйым Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу бастамасы;
-ұйымның бағдарламасы мен негізгі бағыттарын анықтау және оларды «Жас Ұлан» Құрылтайына ұсыну;
- «Жас Ұлан» Құрылтайының күн тәртібін бекіту;
- Төтенше және кезектен тыс Құрылтайды өткізу туралы шешім қабылдау;
- Кеңес Төрағасын 2 жыл мерзіміне сайлау;
- Ұйымның құрметті мүшелерін қабылдау;
- Ұйымның бөлімшелерін құру және қысқарту туралы шешім қабылдау, Ұйым бөлімшелері туралы Ережені бекіту;
- «Жас Ұлан» қызметіне байланысты басқа да мәселелер.
8.2.3. Кеңестің құрамы делегаттар қатарынан анықталып, сайланады (әр облыстан, Алматы және Астана қалаларының атқарушы хатшылары мен «Ұлан басшыларын» қосқанда 2 адамнан)
8.2.4. Кеңестің өкілеттілік мерзімі – екі жыл.
8.3. Кеңестің жалпы қызметіне Кеңес Төрағасы жетекшілік етеді.
8.3.1. Кеңес төрағасының өкілеттігі Құрылтайдың сәйкес шешімі болған жағдайда мерзімнен бұрын тоқтатылады;
8.3.2. Кеңес төрағасы келесідей қызметтерді атқарады:
- Құрылтайда есеп береді;
- төтенше және кезектен тыс Кеңес отырысын өткізу бастамасын айтады;
- Кеңестің қызметін үйлестіреді және Кеңес отырыстарына басшылық етеді;
- «Жас Ұлан» қызметін ұзақ мерзімді жоспарлау барысын үйлестіреді;
- мемлекеттік және басқада мекемелер мен ұйымдармен қарым-қатынаста «Жас Ұланның» ресми өкілі болады;
- ұйым қызметін басқару, штаттық кесте және лауазымдық нұсқаулықтарды атқарушы директордың ұсынуымен бекітеді;
- ұйым атынан сенімхатсыз әрекет етеді.
8.3.3. Кеңес төрағасының орынбасарлары болады. Орынбасарларды «Жас Ұлан» Кеңесі сайлайды.
8.4. Атқарушы орган – Атқарушы директорат. Оны Атқарушы директор басқарады.
8.4.1. Атқарушы директорды Төрағаның ұсынымы негізінде Республикалық Кеңес тағайындайды.
8.4.2. Атқарушы директор ұйым қызметін оперативті басқаруды жүзеге асырады, Құрылтайға, Кеңеске, Кеңес төрағасына есеп береді, олардың шешімін орындайды. Атқарушы директор ұйым алдында қызметінің нәтижесі мен заңдылығы бойынша жауапты.

8.4.3. Атқарушы директор құзіретіне:
- өз мүлкі аясында ұйым қызметіне қажетті материалды-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етеді;
- жарғыдағы қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржы көздері мен материалдық құралдарды тарту;
- Кеңес пен Құрылтайдың кезекті және кезектен тыс отырыстарын ұйымдастыру;
- бекітілген бюджетке сәйкес мүлік пен қаражатқа иелік ету;
- кадрлық мәселелерді шешу, орынбасарлары мен аппарат құрылымының жетекшілерін Кеңес Төрағасының келісімімен тағайындайды;
- ұйым қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, олардың ауысуы мен жұмыстан шығу туралы бұйрық шығарады, атқарушы директорат құзіреті шеңберінде барлық қызметкерлерге орындауға міндетті талаптар жасайды, сонымен қатар келісім шарт негізінде қызметкерлерді қабылдайды;
- еңбекақы жүйесін анықтайды, сыйақы беру, мадақтау шараларын қарастырады және тәртіптік сөгіс жариялайды;
- ұйым атынан келісім-шарт жасайды;
- Кеңестің және Құрылтайдың құзіретіне кірмейтін басқа да өкілеттікті жүргізеді.
8.4.4. Атқарушы директор өз уәкілдігін немесе бір бөлігін өзінің орынбасарларына беруге құқылы.
8.4.5. Атқарушы директор өз қызметін жүзеге асыра алмағанда, оның қызметі жаңа директорды сайлағанға дейін орынбасарына жүктеледі.
8.4.6. Атқарушы директор қызметінен Кеңестің сәйкес шешімі болған жағдайда мерзімнен бұрын босатылады.

## 9. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҰМЫСЫ

9.1. «Жас Ұлан» қызметі Бала құқықтары туралы Конвенция және Қазақстан Республикасының Заңнамасына қайшы келмейтін халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен жас ұрпақты тәрбиелеу саласында өзара әрекеттеседі.
9.2. «Жас Ұлан» жасөспірімдер мен балалардың зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуына қолайлы жағдайлар жасауға, азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың жобаларына қатысады.

- шығармашылық.
3.2. «Жас Ұлан» қызметінің қағидалары:
- азаматтық сана-сезім және жалпы адами құндылықтардың басымдылығы;
- еріктілік және қол жетімділік;
- ұрпақтар сабақтастығы мен «Жас Ұлан» ұйымының дәстүрлерін сақтау;
- ұйымның негізгі мақсаты мен міндетін жүзеге асырудағы ересектер мен балалардың бірлігі;
- қызметтің патриоттық, толеранттық, рухани-адамгершілік бағыты.

**4. МҮШЕЛІК, ОҒАН ҚАБЫЛДАНУ ЖӘНЕ ШЫҒУ ТӘРТІБІ**

4.1. «Жас Ұлан» ұйымында мүше болудың екіденгейлі жүйесі бар. «Жас Ұланның» жоғары буынына 5-10 сынып, ал «Жас Қыран» төменгі буынына – 1-4 сынып оқушылары, сонымен қатар «Жас Ұланға» өз үлесін қосуға және оның мүшесі болуға ерікті түрде ниет білдірген балалар мен жасөспірімдер қабылданады.
4.2. Мүшелерді ұйымға қабылдауды «Жас Ұлан» бастауыш ұйымы жүргізеді. Ұйымға қабылдау жылына 3 рет өткізіледі: 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 6 шілде – «Жас Ұлан» құрылған күні, 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні.
4.3. «Жас Ұланнан» ерікті түрде шығу үшін «Жас Ұлан» бастауыш ұйымының жетекшісіне жазбаша өтініш береді.
4.4. «Жас Ұлан» Ережесін бұзған ұйым мүшелеріне келесідей шаралар қолданылады: ұйымның жалпы жиналысында талқылау, ескертулер жасау, сөгіс жариялау, ұйымнан шығару туралы ескерту жасау. Ең қатаң шара – ұйымнан шығару.
4.5.Ұйымнан шығару мәселесі бастапқы ұйымның жалпы жиналысында қаралады. Шығару туралы шешім Мектеп комитеті мүшелерінің кемінде 2/3-і дауыс берген жағдайда ғана қабылданады және бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

**5. «ЖАС ҰЛАН» МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

5.1. «Жас Ұлан» мүшелерінің құқықтары:
- «Жас Ұлан» қызметіне белсенді қатысу;
- «Жас Ұлан» басқару органының құрамына сайлану және сайлау;
- «Жас Ұлан» жұмысының бағдарламаларын жүзеге асыру барысындағы табыстары және ерекше жеке жетістіктері үшін мақтаулар мен мадақтаулар алу (грамоталар, дипломдар, жазғы және сауықтыру лагерлеріне жолдама, «Жас Ұлан» Алтын Кітабына ену»);
- «Жас Ұлан» органына өтініш, арыз, сұрақтар, бастамалар мен ұсыныстар беруге;
- Ұйымның барлық деңгейінде қызметі туралы ақпарат алуға;
5.2. «Жас Ұлан» мүшелерінің міндеттері:
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін сыйлау (Ту, Елтаңба,

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
________ Л.Н.Мырзакасымова

# «№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Жас Ұлан» ұйымының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

**«№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны «Жас Ұлан» ұйымының 2023 - 2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

| № | Іс -шара | Қысқаша сипаттама | Бағыт | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырушылық іс—шаралар** | | | | | |
| 1 | «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспарын қалыптастыру | Қызметтің 7 бағытын ескере отырып. «Жас Ұлан» ұйымының мектептік, аудандық, қалалық, облыстық алдағы оқу жылына арналған жұмыс жоспарын қалыптастыру | | Қыркүйек | Аға тәлімгер |
| 2 | Мектеп Ұланбасын сайлау «Жас Ұлан» мектеп комитетін құру | Мектеп Ұланбасы сайлауын ұйымдастыру және өткізу «Жас Ұлан» мектеп комитетін қалыптастыру | | Қыркүйек | Аға тәлімгер |
| 3 | Аудандық, қалалық Ұланбасы сайлауы | «Жас Ұлан» аудандық, қалалық Ұланбасы сайлауын ұйымдастыру | | 20-30 қыркүйек | Өңірлік ұйымдастырушы Аға тәлімгер |
| 4 | Ұланбасы базасын құру | Республика бойынша Ұланбасы деректер базасын қалыптастыру | | Қыркүйек қазан | Аға тәлімгер Өңірлік үйлестіруші Республикалық штаб |
| 5 | Облыстық Ұланбасы сайлауы | «Жас Ұлан» облыстық Ұланбасы сайлауын ұйымдастыру | | 1-15 қазан | Өңірлік үйлестіруші |
| 6 | «Жас Ұлан» ұйымының қатарына жаңа мүшелерді қабылдау | «Жас Ұлан» ұйымының қатарына жаңа мүшелерді қабылдаудың салтанатты рәсімі 1-11 сынып оқушылары | | 25 қазан | ДТЖЖО Аға тәлімгер Сынып жетекшілер |
| 7 | Республикалық көшбасшылар кеңесін қалыптастыру, | «Жас Ұлан» республикалық Көшбасшылар кеңесін қалыптастыру, | | 16-30 қазан | Республикалық штаб |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Республикалық Ұланбасы сайлау | республикалық Ұланбасы сайлауын ұйымдастыру | | | |
| 8 | «Жас Ұлан» республикалыққөшбасшылар форумын өткізу | Астана қаласында еліміздің түрлі өңірлерінен келген ұйым белсенділерін қөатысуымен «Жас Ұлан» көшбасшыларының республикалық форумын өткізу | | қараша | Өңірлік үйлестіруші<br>Республикалық штаб<br>Аға тәлімгер |
| 9 | «Үздік Ұланбасы» республикалық байқауын өткізу | Мектеп Ұланбасылары арасындав «Үздік Ұланбасы» республикалық байқауын өткізу. | | Сәуір мамыр | Аға тәлімгер<br>Өңірлік үйлестіруші<br>Республикалық штаб |
| 10 | «Жас Ұлан» ұйымының қатарына жаңа мүшелерді қабылдау | «Жас Ұлан» ұйымының қатарына жаңа мүшелерді қабылдаудың салтанатты рәсімі 1-11 сынып оқушылары | | 1 мамыр | ДТЖЖО<br>Аға тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |
| **7 Бағыт бойынша іс-шаралар** | | | | | |
| 11 | Белсенділер мен ұланбасыларға арналған мектеп | «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері үшін «Мен көшбасшымын» тренингіне қатысу | Зерде | Жыл бойы | Аға тәлімгер<br>Өңірлік үйлестіруші |
| 12 | Ted Talls форматында танымал тұлғалармен кездесулер | Ашық диалог алаңын құру арқылы өңірде танымал азаматтармен ай сайынғы кездесулерді ұйымдастыру. | Зерде | Жыл бойы | Аға тәлімгер<br>Өңірлік үйлесітруші |
| 13 | Jas Ulan Team еріктілер қозғалысын дамыту | Jas Ulan Team мектеп волонтерлік қозғалыстарының жұмысын жандандыру | Руханият | Жыл бойы | Аға тәлімгер<br>Өңірлік үйлестіруші |
| 14 | Білім беру мекемелерінде балалардың құқықтарының сақталуына байланысты мониторинг | Ұланбасы (балалар өкілдіктерінің көшбасшылары білім беру мекемелерінде балалардың құқықтарының сақталуына мониторинг | жеті жарғы | Жыл бойы | Аға тәлімгер<br>Өңірлік үйлестіруші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жүргізеді) | | | |
| 15 | Jas ogyrman оқырман клубын құру | Jas ogyrman оқырмандар клубы аясында ай сайын клуб мүшелері оқитын кітап таңдалады. Ай сайын қатысушылар жиналып, кітап талқылайды. Республикалық штабтың кітаптар бойынша квесттер, конкурстар мен интерактивтер ұйымдастырылады | Зерде | Жыл бойы | Аға тәлімгер Өңірлік үйлестіруші |
| 16 | Кәсіптік бағдар | Оқушылардың түрлі саладағы өкілдермен кездесуін ұйымдастыру. Жоба жоғары сынып оқушыларының еңбек нарығындағы мамандықтар туралы ақпараттылығын арттыруға көмектеседі | Еңбек | Жыл бойы | Аға тәлімгер |
| 17 | Birgemiz Bilim жобасы аясындағы еріктілік | Халықтың әртүрлі топтарының оның ішінде аудандық жерлерде цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыру, бейресми т әсілді қолдану арқылы оқушыларды білім беру саласындағы волонтерлік қызметке тарту | Зерде | Қыркүйек желтоқсан | Аға тәлімгер Өңірлік үйлестіруші |
| 18 | «Экоәлем» үстел ойыны бойынша чемпионаттар өткізу | «Экоәлем» үстел үсті экологиялық ойыны бойынша мектеп, аудандық, облыстық чемпионаттар өткізу. | Экоәлем | Қаңтар ақпан | Аға тәлімгер Өңірлік үйлестіруші |
| 19 | Мектепішілік қалалық дармарка өткізу | Дармарка-заттармен алмасуға арналған тегін жәрменке. Қатысушылар енді пайдаланбайтын заттарды киім, | Экоәлем | Сәуір мамыр | Аға тәлімгер Өңірлік үйлестіруші |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойыншықтар, кітаптар және т.б әкеледі және оның орнына кез-келген затты ала алады. Осылайша экологиялық тазалық қайта пайдалану қағидасы сақталады. | | | |
| **Ақпараттық жұмыс** | | | | | |
| 20 | «Жас Ұлан» ұйымының әлдеуметтік желілердегі ресми парақшаларын дамыту | Оқушылардың т ата-аналардың және аға тәлімгерлердің әлеуметтік желілердегі «Жас Ұлан» ұйымының ресми парақшаларына жазылу:<br>Instagram @jasulan_g2<br>@fenomenjas<br>@birgemiz.bilim2023<br>Facebook @Жас Ұлан Ұйымы | | Қыркүйек қазан | Аға тәлімгер |
| 21 | Әлеуметтік желілерде «Жас ұлан» ұйымының парақшаларын ашу | «Жас Ұлан» ұйымының мектеп, аудан, қала бойынша ресми парақшаларын ашу.Ұйым логотипін пайдалану. | | Қыркүйек | Аға тәлімгер<br>Қалалық үйлестіруші |
| 22 | «Жас Ұлан» ұйымының жаңа сайтын әзірлеу | Аға тәлімгер мен аудандық үйлестірушілерге арналған материалдар базасы бар жаңа сайтты әзірлеу | | Қазан қараша | Республикалық штаб |

Аға тәлімгер: [signature] Ұ.Күденова

Бекітемін
Мектеп директоры
_______Л.Н.Мырзакасымова

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БІРЫҢҒАЙ «ЖАС ҰЛАН» БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР ҰЙЫМЫНА МҮШЕЛІККЕ ҚАБЫЛДАУ САЛТАНАТТЫ ЖИЫНЫН ӨТКІЗУ СЦЕНАРИЙІ**

**Шымкент-2024ж**

**16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау жиыны.**

Мектеп үздіктері мен екпінділерін Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі

**I Туды кіргізу**
**II Әнұранды орындау**
**III Қабылдау рәсімі**
**IV Ант беру**
**V Ұйымның мақсаты мен міндеттерімен таныстыру**
**VI Құттықтау сөздер**
**VII Туды шығару**

**1 - жүргізуші:**
Тәуелсіздік – бабалардың ұраны,
Бейуақытта бойға тартқан тұмары.
Тәуелсіздік - түнектерде тұншығып,
Ызғар ұрып жанбай қалған шырағы.
Армысыздар, құрметті ұстаздар және оқушылар! 2011 жылы 6 шілдеде еліміздің нағыз патриоттарын, еңбекқұмар, білімге құштар, салт - дәстүріміз бен адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жас жеткіншектерді, отансүйгіш ұландарды тәрбиелеу мақсатында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы құрылған болатын.

**2 - жүргізуші:**
Тәуелсіздік – берекенің бір басы,
Дәулетің мен сәулетіңнің тұнбасы.
Қазақстан сен бір елсің жаһанға,
Тең танылған таудай асқақ тұлғасы.
Міне, бүгін де еліміздің Тәуелсіздік мерекесіне орай мектеп үздіктері мен екпінділерін және белсенділерін «Жас Ұлан» ұйымының құрамына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз!

**АӘД жетекшісі:**
Мектеп, түзел, тік тұр!
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы енгізілсін!
(Ту кіргізіледі).

**1- жүргізуші:**
Түсініп терең, өмірдің мәнін,
Жалынды жастар, сендерсің сәнім
Беретін бойға күш - қуат, жігер

Шырқалсын шаттық Әнұран әнім!
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалсын!(Әнұран орындалады).

**2 - жүргізуші:**«Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсаты - оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ал міндеттері - әлеуметтік тәжірибені байыту және дамыту, мектептегі тәрбиелік әлеуетін жүзеге асыру болып табылады.

**1 - жүргізуші: Патриоттық өлең шумақтарын қарсы алайық:**
**Орындайтын**: Есенбекова Жансезім, Шағман Назгүл
**Мұқағали Мақатаев «Үш бақытым»**
Ең бірінші бақытым – Халқым менің,
Соған берем ойымның алтын кенін.
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,
Қымбатырақ алтыннан наркым менің.
Ал екінші бақытым – Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.
Кей – кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.
Бақытым бар үшінші – Отан деген,
Құдай деген кім десе, Отан дер ем!
... Оты сөнген жалғанда жан барсың ба?
Ойланбай – ақ кел дағы от ал менен.
Түтін түтет,
Өс, өрбі, көгере бер,
Немерелер көбейсін, шөберелер.
Жадыңда ұста :
Жақсылық күтпегейсің!
От емес, оқ сұрасаң менен егер

**Қалқаман Сарин «Еркіндік»**
Еркіндігім.
Қасиеттім.
Қастерлім.
Өзің барда өзегімде жоқ шер мұң!
Кеше сенің келбетіңді арман ғып,
Боданына бұғауландық басқа елдің.
Бабалардың басын тігіп бәйгеге,
Аналардың жанарына жас бердің!
Уа, Еркіндік,
қош келдің!
Өзегімді өртке ораған қоғамда,
Өз үйіме өзім өгей болам ба?!
Алшаң басып жүре алмаса алты алаш
Азаттығым! Қадірің де жоқ онда!
...Саған жету қиын болса қаншалық,

**БЕКІТЕМІН**
**Мектеп директоры**
**________ Л.Н. Мырзакасымова**
**1.09.2023ж**

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының **«Зерде»** бағыты бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған **жұмыс жоспары**

Шымкент, 2023

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының **«Руханият» бағыты** бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған **жұмыс жоспары**

**«Руханият»** (адамгершілік, адалдық) бағыты - балалар мен жас жеткіншектердің жалпы адамгершілік қасиеттерге ие болуына ықпал ету және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Даму және дамыту, ізгілік пен парасаттылық қасиеттерін сіңдіру. Жақсылық атаулыға деген сезімді арттырып, жамандыққа жол бермейтін ата-ана, туыс, достар, ұжым халқы, Отан алдындағы парызды сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдары берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

| № | **Іс-шаралар мазмұны** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|
| 1 | «Армысың, алтын ұя мектебім!» салтанатты жиынын ұйымдастыру<br><br>«Бағдаршам» мерекесі<br><br>«Мәңгілік елдің-мәңгілік тілі» тілдер мерекесі<br><br>«Әлемге тыныштық орнасын» тақырыбында сурет байқауын ұйымдастыру | Қыркүйек | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер<br>Технология пәні мұғалімі |
| 2 | «Қамқорлық » тобының іс-шара жоспарын түзу<br>1 қазан қарттар күніне арналған «Ақылды қария, ағып жатқан дария» іс-шара ұйымдастыру, қабырға газеттерін шығару<br><br>«Қарты бар ел-қазыналы ел» тақырыбында қарт кісілерге көмек ұйымдастыру<br><br>«Ұстаз аты- биік, әрі мәңгілік» атты мерекелік бағдарлама ұйымдастыру, қабырға газеттерін шығару | Қазан | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ардагер ұстаздармен кездесу өткізу<br><br>«Күз ханзадасы мен ханшайымы»7-11 сыныптар арасында сайыс ұйымдастыру | | |
| 3 | «Қар барысын бірге сақтайық!» тақырыбында сурет байқауын ұйымдастыру<br><br>Ұлы тұлғалардың өмір жолынан әдеби кештер ұйымдастыру | Қараша | Тәлімгер<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер |
| 4 | «1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күні» мерекесіне арналған іс-шара ұйымдастыру<br><br>Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын «Тәуелсіз елдің азаматымын!» тақырыбындағы іс-шараларға қатысу<br><br>«Тәуелсіздік-мақтанышым» эссе байқауы | Желтоқсан | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Педагог-ұйымдастырушы |
| 5 | «Болашақ Қазақстан менің көзіммен» сурет байқауы<br><br>«Имандылық жүрекке ұяласа....» оқушылармен әңгімелесу | Қаңтар | Тәлімгер<br>Педагог-ұйымдастырушы<br>Сынып жетекшілер |
| 6 | Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу<br><br>«Кітап-біздің досымыз» тақырыбында ой-талқы | Ақпан | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Ұйымдастырушы-педагог<br>Сынып жетекшілер |
| 7 | «Жұмақ-ананың аяғының астында», «Қыз-өмірдің қызғалдағы» халықаралық әйелдер күніне орай апталық, іс-шаралар ұйымдастыру<br><br>«Қош келдің , әз-Наурыз!», | Наурыз | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Ұйымдастырушы-педагог<br>Сынып жетекшілер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Береке, бірлік бастауы әз-Наурыз» концерттік бағдарлама ұйымдастыру | | |
| 8 | «Қазақтың ұлттық ойыны» ұлттық ойындар жарысын ұйымдастыру<br><br>«Ұлттық кодты сақтап қалатын негізгі тетік қыз тәрбиесі» тақырыбымен пікірсайыс ұйымдастыру | Сәуір | Тәлімгер<br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері<br>Сынып жетекші<br>Педагог-психолог |
| 9 | «Бойында бар сұлулық жиылғандай» қыздармен әңгіме<br><br>«Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты жиынын ұйымдастыру | Мамыр | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекшілер |

**Орындаған:** **Ұ.Ы Күденова.**

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
_______ Л.Н. Мырзакасымова

**Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының «Еңбек» бағыты бойынша мектеп комитетінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

Шымкент - 2023ж

Шымкент қалалық білім басқарасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебі «Жас Ұлан» ұйымының **«Еңбек» бағыты** бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған **жұмыс жоспары**

**«Еңбек»** (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты-жеке тұлға ретінде қалыптастыруға ықпал ететін, қоғамдық негізде ұйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еңбек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрену. Туған өңірде әр кезеңде еңбегімен танымал болған атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен таныстырып , оны мақтаныш етуге, өнер түрлері туралы түсініктерін кеңейтуге, еңбек рахатын, сұлулығын сезіне білуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

| № | **Атқарылатын іс-шаралар** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|
| 1 | «Мектеп ережесін құрметтейік» баяндама<br><br>«Білімді болуға-оқу, бай болуға кәсіп керек» дөңгелек үстел | Қыркүйек | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Ұлан басшы |
| 2 | «Жер қамқорлықты бізден күтеді» мектеп аумағының жерлерін көктемгі егістікке дайындау<br><br>Балалар шығармашылығы 5-8 сынып оқушылары арасында (сурет байқауы) | Қазан | Тәлімгер<br>Бейнелеу өнері пәні мұғалімдері |
| 3 | Еңбек пәні мұғалімдерімен бірлесе қолөнер көрмесін ұйымдастыру | Қараша | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Еңбек пәні мұғалімдері |
| 4 | «Әбілхан Қастеев – ұлы суретші» баяндама | Желтоқсан | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Технология пәні мұғалімдері |
| 5 | Сыныптар арасында байқау ұйымдастыру:«Ең таза, гүлдендірілген сынып<br><br>«Алуан-алуан кәсіп бар» мамандықтар әлеміне саяхат жасау | Қаңтар | Тәлімгер<br>Сынып жетекші |
| 6 | «Жігітке жеті өнер де аз» сайыс ұйымдастыру<br><br>«Өмірде ең маңыздысы табыс па, | Ақпан | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | әлде мамандық па?» ойталқы | | Сынып жетекші |
| 7 | Мектеп ауласын тазарту, мектептің жер аумағына көшеттер, гүлдер отырғызу | Наурыз | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекші<br>Еңбек пәні мұғалімдері |
| 8 | «Еңбек атаулының бәрі де бағалы, өйткені ол адамды ізгілендіреді» әр түрлі мамандық иелерімен кездесу өткізу | Сәуір | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекші |
| 9 | Мектеп ауласында сыныптар арасында гүл қондырудан сайыс ұйымдастыру, ең әсем безендірілген аумақты анықтау<br><br>«Мамандар сөйлейді» сұқбаттасу | Мамыр | ТІЖДО<br>Педагог ұйымдастырушы<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекші |

**Аға тәлімгер** *[signature]* **Ұ. Ы. Күденова**

БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры
________Л.Н. Мырзакасымова

**Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының «Салауат» бағыты бойынша мектеп комитетінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары**

**Шымкент - 2023ж**

Шымкент қалалық білім басқармасына қарасты №136 жалпы орта білім беретін мектебі «Жас Ұлан» ұйымының **«Салауат» бағыты** бойынша 2023-2024 оқу жылына арналған **жұмыс жоспары**

**«Салауат»**(салауатты өмір салты) бағыты–ағзаны шынықтыратын,дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды меңгеретін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі спорт саңлақтарының өмірі мен спорттағы жетістіктерімен таныстыратын іс-шараларды қамтиды.

| № | **Атқарылатын іс-шаралар** | **Мерзімі** | **Жауапты** |
|---|---|---|---|
| 1 | «Дені саудың-жаны сау» баяндама<br><br>«Спорт саңлақтары» тақырыбында альбом жасау<br><br>«Жастық шақ-сенімді болашақ» тақырыбында тренинг өткізу | Қыркүйек | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Дене шынықтыру пәні мұғалімдері |
| 2 | Ұланбасшы мен орынбасарын штабтағы жарысқа алып бару (аудандар арасындағы сайысқа қатысу)<br><br>«Нашақорлық-ғасыр дерті» дөңгелек үстел<br><br>«Адамның жеке гигиенасы» мейірбикемен бірге ұлдар, қыздар жиналысын өткізу | Қазан | ТІЖДО<br>Тәлімгер |
| 3 | 19 қараша – Халықаралық темекіге қарсы күрес күні «Көк түтінге тұншыққан ұрпақ», «Біз темекіге қарсымыз!» іс- шара ұйымдастыру<br><br>«Мәңгілік елдің болашағы» атты кіші футбол жарысы | Қараша | ТІЖДО<br>Тәлімгер |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» қабырға газеттерін шығару | | |
| 4 | «Спорт пен оқу егіз ұғым» баяндама<br><br>«Темекі және жастар» тренинг | Желтоқсан | Дене шынықтыру пәні мұғалімдері<br>Тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| 5 | «Есірткісіз болашақ» тақырыбында қабырға газеттерін шығару<br><br>«Спорт-денсаулық кепілі» дөңгелек үстел | Қаңтар | Тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| 6 | «Жастар есірткісіз өмірді қолдайды» дөңгелек үстел<br><br>«Салауаттан бастау алған, денсаулық пен бақытқа ие болған» спорттық сайыстар | Ақпан | Тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| 7 | «Денсаулықты сақтау – баршаның міндеті» тренинг ұйымдастыру<br><br>«Арақ аздырады, темекі тоздырады» пікірталас | Наурыз | Тәлімгер<br>Сынып жетекшілері |
| 8 | Денсаулық күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру<br><br>«Теңдесіз жау-темекі» ойталқы | Сәуір | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Мейірбике |
| 9 | «Ұлттық ойын ой сергітер» спорттық жарыстар | Мамыр | ТІЖДО<br>Тәлімгер<br>Дене шынықтыру ӘБ |

**Аға тәлімгер** **Ұ.Ы Күденова.**